Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарды айқындау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № А-4/206 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 мамырда № 5953 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 7 сәуірдегі № А-4/160 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 07.04.2025 № А-4/160 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 " Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Жарқайың ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.Ә.Шәкіровке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі *А.Үйсімбаев*

Жарқайың ауданы әкімдігінің
2017 жылғы " 24 " 04
№ А-4/206 қаулысына
қосымша

Аудандық коммуналдық мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттар

№ р/т	Өлшемшарттар атауы	Иеліктен айыру түрі
1	Егер мемлекеттің алдағы уақытта мемлекеттік меншік объектісін бақылауда мүдделігі болмаса	Аукцион нысанындағы жекешелендіру
2	Сату шартын белгілеу арқылы уақыттың қандай да бір кезеңіне мемлекет тарапынан бақылауды сақтау қажеттілігі болса	Тендер нысанындағы жекешелендіру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК